

ӨТКЕН МҰРАМЫЗ – БҮГІНГІ ЖАУАПКЕРШІЛІК, КЕЛЕШЕККЕ БАТЫЛ ҚАДАМ

*Жас мұраты, білім, тәлім – талабы,
Өнер, оқу – жастықтың қару жарағы.
Илияс ЖАНСҮГІРОВ*

Жаркент педагогикалық училищесі 1929 жылы Жаркент қаласында алғашқы мұғалімдік мамандық беретін курс ретінде ұйымдастырылып, кейіннен педагогикалық техникумға айналды. Педагогикалық училище 1896 жылы бой көтерген бұрынғы шіркеу-қауымдық мектептің үйінде орналасқан.

Алғашқы кезде 30-ға жуық мұғалім дайындалып шығарылатын. 1929 жылы Алматыдағы Зарватов атындағы мектеп Жаркент қаласына көшірілді. 1929 жылдың күзінен бастап Луначарский атындағы сегіз жылдық орыс мектебінің үйінде жайғасқан Зарватов атындағы ұйғыр мектебі өзінің алғашқы оқу жылын бастап, кейін Тәлім-тәрбие техникумына айналды.

Ұлы Отан соғысы кезінде біздің қаламызға атақты генерал Панфилов есімі беріліп, ал техникумның аты Панфилов педагогикалық училищесі деп өзгертілді.

1993 жылы бұрынғы педагогикалық училище колледж атағын иеленіп,

қайтадан құрылды. Осы уақыт ішінде республикамыздағы қазақ, орыс және ұйғыр тілдерінде 17 мыңнан астам мектепке дейінгі тәрбиешілерді және орта білім мұғалімдерін және кейінгі жылдары басқа мамандықтар бойынша мамандар даярлап келеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасымжомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында «Ауыл жастарын іріктеп, отандық және шетелдік оқу орындарына дайындау керек» деп, жастардың қабілетін дамытудың жол картасын әзірлеуді тапсырған. Жаркенттің кең байтақ, шұрайлы, сырға тұнған, тарихының кемел іздері бар киелі жерінде орналасқан және бір ғасырға жуық тарихы бар Жаркент

жоғары гуманитарлық-техникалық колледжінің есігін талай түлектер ашып, білім беру саласындағы мамандардың қатарын толықтыруда. Әр түрлі этностың өкілдері мекен еткен, бірлігі мен тірлігі жарасқан мерейлі өлкеде орналасқан колледж үш тілде білім беріп келеді. Еліміздің экономикасына өзіндік үлесін қосып отырған еркін экономикалық аймақта орналасқан, ұстаздықтың мектебінде шыңдалған, сан шәкірттер басын иіп тағзым еткен киелі оқу орнында алтын уақыттарымен санаспай елі үшін, ұлт болашағы үшін, нұрлы болашаққа жақсылықтың, ізгіліктің, білімнің дәнін себетін болашақ ұстаздар даярлау үшін жүзден аса оқытушы қызмет етіп келеді. Сананың ашықтығы зерденің үш ерекшелігін білдіреді. Біріншіден, дүйім дүниеде жер шарының өзіне қатысты аумағында және өз елінің айналасында не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді. Екіншіден, ол жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістердің бәріне дайын болу керек деген сөз. Үшіншіден, бұл – өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық



жетістіктерін бойға сіңіру мүмкіндігі. Халықаралық тәуелсіз аккредиттеуден өтіп жоғары колледж мәртебесін алып, білім беру қызметін интеграциялауда бағдарламаларды енгізді.

Енді алдымызда бәсекеге қабілетті, рухы биік, кәсіби құзіретті, әлемдік білім кеңістігінде еркін қозғала алатын мамандар даярлау міндеті тұр.

Табысты оқу орындарының қатарында болу үшін батыл қадамдар, оңтайлы шешімдер қабылдау қажеттілігі туындады. Осы мәселелерді шешуде жоғарғы оқу орындарымен серіктестік орта құрып, меморандум аясында бірнеше ғылыми-практикалық конференциялар өткізілді. Қолданбалы бакалавриаттың интеграцияланған бағдарламасын енгізе отырып, жаңа бағытта маман даярлауды облыс көлемінде алғашқылардың бірі болып қолға алдық. Қолданбалы бакалавриат бағдарламасы аясында инновациялық технологияларды және технологиялық процестерді енгізе отырып оңтайландыруға байланысты қызметке оңай және жылдам бейімделген тәжірибелі-бағдарлы мамандар даярлап, интеграцияланған бағдарламамен білім алған алғашқы қарлығаштарымызды ұшырғалы отырмыз. Педагогикалық үдерісте орын алып отырған өзекті мәселелерді тиімді жолмен шеше алатын, өз ісінің шебері деуге болатын маман дайындау оңай шаруа емес. XXI ғасыр дағдылары бойынша қалыптасқан, құзіретті маман дайындау үшін



болашақ мамандар дұрыс ой түйіп, өздігінен саналы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі керек. Педагогикалық мамандықтар қатарын көбейтіп, колледждің құрылу тарихынан бастау алған «Бастауыш сынып мұғалімі» және «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандықтарында білім алатын студенттердің кәсіби құзіреттіліктерін WorldSkills чемпионатында шыңдап, жүлделі орындарды иеленіп жүрміз. Баланың бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу болашақ ұстаздың рухани күшін нығайтып, өзін-өзі тануына көмектеседі.

Бұл әр болашақ маманның өзін-өзі жасампаздықпен қайта құруы, қоғамдық талаптар тұрғысынан өзіне сыни баға бере алуы, айналаны

өзгертуге қатыса алуы десек, STEM бағдарламасымен робот техниканың оқу әдістемелік құрал жабдықтарын қолдау дағдыларын меңгеру осы қасиеттерді ашуға септігін тигізеді.

Білім арқылы адамның интеллектуалдық, рухани күші артып, жеке тұлғасы қалыптасады. Шығармашылық, қызығушылық әлеуетінің дамуы, жаңашылдықтың қажеттілігін сезіну арқылы Қазақстанға құрал-жабдықтарды тасымалдаушы КАЗДИДАС ассоциациясымен бірлескен инновациялық жоба аясында АЛГОРИТМИКА құралдары алынды. Д. Дьюи атап өткендей, бүгінгі колледждің білім беру қызметінде үлкен өзгерістер басталуда. Ол маңыздылығы жағынан Н. Коперниктің жаңалығына тең болып отыр. Студент тұлғасы орталыққа айналып, барлық педагогикалық әрекеттер оның айналасына шоғырландыра жүргізіледі. Ұлы педагог Я.А. Коменский білімнің ешқашан аяқталмайтынын, өміршеңдігін атап өтіп, білім адам өмірге келген күннен басталып, соңғы күніне дейін таусылмайтынын айтқан. Өткен жолдың кешегісі, бүгінгісі және болашағының қарқынды дамуына үлес қосатын ұстаздар қауымы – Б. Сауранбаева, А. Исабекова, С. Іргебаева ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері атағын алса, Г. Әшімбекова, М. Жақыбаева, К. Құсайынова Ыбырай Алтынсарин атындағы төсбелгімен марапатталды. Оқытушының өз тәжірибесін, жаңалықтарын, білгені



мен түйгенін басқаларға ұсына алуы – шығармашылық бағыттың белгісі. Колледждің 40-тан астам оқытушысы ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен және Алғыс хаттарымен марапатталды. Ең бірінші кезекте, оқытушының өзіндік жаңалығы болуы қажет. Ғылым жаңалығын түрлендіруге өз үлесін қосу мақсатында нәтижеге қол жеткізу жолында 14 ғылым магистрі қызмет етуде. Табысты ұстаз – келешек ұрпақ жүгін сеніммен, қазіргі даму үрдісіндегі жетістіктермен жеткізуге жұмыс жасайтын бірден-бір тұлға.

Нәтижеге бағытталған әрекеттерге бастама жасап, өз мамандығының кәсіби шебері болуға ұмтылған шебер педагогтар – А. Нурбекова, педагог-зерттеуші А. Жумагельдинова, Ж. Рахметжанова, Б. Ниетбаева, А. Джумабаева, педагог-сарапшы М. Тохтахунов, К. Жумалиева, Р. Кожабегенова, З. Гаитова, педагог-модератор Е. Исаев, А. Касымжанова, Н. Сагинбаевалар колледждегі білім мен ғылымдағы бастамаларды табысты ендіруге ықпал ететін ұстаздарымыз. Педагогтардың икемді дағдыларын қалыптастыруға және жеке тұлғаның дамуына әріптестер арасындағы тиімді әрі ынтымақтастық әрекеттің жақсаруы ықпал етеді. Аудандағы жұмыс берушілер, жеке кәсіпкерлер, әлеуметтік серіктестер бүгінгі күні оқыту бағдарламаларының

ерекшеліктеріне қарай өздерін қанағаттандыратын оқу нәтижелерін бірлесе жасауда. Оңтайлы аймақтың қадамдарымен әр педагог заманауи білім беру құрылымына өз идеясын ұсына алатын тұлға ретінде танылып, әлеуметтік дағдысын жоғарылатады. Іс пен сөздің тұтастығын қамтамасыз ету үшін табысты ұстаз дәрежесіне жетуде ілкімді ізденістер, батыл қадамдар жасаудан тартынған емеспіз. Педагогикалық практика педагогикалық кадрларды кәсіби дайындау жүйесінде маңызды орынды алады. Колледждегі болашақ мамандардың педагогикалық қызметті меңгеруі тек теориялық оқу мен практикалық тәжірибе өзара байланыста болған жағдайда ғана жүзеге асады. Кәсіби компоненттердің іскерлігі мен дағдыларын дәрісханада отырып қалыптастыру мүмкін емес. Колледж аудандағы базалық мектептер мен мектепке дейінгі мекемелермен жұмыс берушілер ретінде келісімшарт негізінде жұмыс жүргізеді.

Колледж бен кәсіпорын арасындағы тығыз байланыс жұмыс беруші мекемелердің де жауапкершілігін арттырады.

Болашақ мамандардың тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ету үшін колледж қабырғасында дуалды оқыту жүйесі енгізілген.

Әлеуметтік серіктестік шеңберінде колледждің білім беру саласының дамуын күшейтуде бүгінгі таңда Ж. Баласағұн атындағы Қырғыз Ұлттық университетімен, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетімен, І. Жансүгіров атындағы Жетісу Мемлекеттік университетімен, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетімен ынтымақтастық меморандумы іске асырылуда.

Қашықтықтан оқыту жағдайында өзекті мәселенің шешу жолдарын, мүмкіндіктерін әдістемелік тәжірибе арқылы сүйемелдеуде «Қашықтықтан оқыту: өзекті мәселелері, шешу жолдары», «Ұлы Абай мұрасы және әлемдік өркениет», «Қолданбалы бакалавриаттың өзекті мәселелері», «Заманауи білім беру технологияларын кешенді түрде тиімді пайдалануда интерактивті әдістерді енгізу» тақырыптарында ғылыми-әдістемлік конференциялар, вебинарлар өткізіліп, тәжірибе алмасты.

Колледждің «Шаңырақ» тәрбие орталығы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру мақсатында тәрбиенің тұжырымдамалық негізінде жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарланған жоспарлы жұмыстарды атқарып, тәрбиенің сегіз бағыты бойынша үйірме, секция, клуб жұмыстарын жүзеге асыруда.





Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. БҰҰ Алматы облыстық Жас Отан Жастар қанаты ұйымымен бірлесіп «Quz4Tabys» жобасы бойынша 25 студент «Мансаптық жоспарлау негіздері», «Қаржылық сауаттылық негіздері», «Жастар кәсіпкерлерінің негіздері» бағыттары бойынша тренингтерге қатысты. Жоба аясында бюджетті жоспарлау, әлеуметтік желі ақпараттарын талдау сияқты іскерлік ойындар жүргізіліп, қатысушыларға ЮНЕСКО үлгісінде сертификаттар берілді.

Себебі құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді деген үлкен жауапкершілік бар. Әлемдегі кез келген жаңару мен жаңғырту үдерісі белгілі өзгерістер енгізуді қажет етті. Себебі, өзгеріс – жаңа идеяларға толы жаңа мәселелерді туындататын ұзақ үдеріс. Осы жолдағы колледждің дамуының басты бағыттары анықталды. Ол – әлемдік білім беру жүйесіне дәйекті түрде жақындау, мамандарды даярлауда халықаралық стандарттарға көшу. Колледж өзінің жан-жақты қызметін кең ауқымда жүргізіп, қарқынды дамып, жастардың бойында азаматтық, ұлтжандылық сезімдерін, ұрпақтар сабақтастығының дәстүрлі үрдісін қалыптастыруда зор еңбек етуде. Мемлекеттік емтиханды өткізу форматын ауыстыру өзгеріс арқылы жаңаруға қол жеткізудің негізі болып табылады. Демонстрациялық емтиханды педагогикалық құзіреттіліктер

бойынша республикада алғаш енгізіп, өткізу – педагогтарымыздың қажымас ізденімпаздығының, жаңалыққа жақындығының, кәсібиліктерінің жемісі. Демек, жылдам өзгеріп отырған жаһандану заманында көшті бастау да, сол сияқты сол көшке ілесіп кету де оңай шаруа емес. Колледж білім мен ғылымдағы бастамаларды табысты ендіруге ықпал ететін, беделді және білікті маман дайындайтын кәсіптік білім беру ортасы ретінде алға қарай дамуда. Басқару жүйесінің заманауи трендтерге икемделуі жұмыстың табыстылығына оң әсер етуде.

Білім алудың тартымдылығы мен мәртебесін арттыру үшін білімнің қолжетімділігін қамтамасыз етуде колледжде педагогикалық менеджментке басымдық беріледі.

Колледждің жаңа реформалық басқару жүйесі кедергісіз білім беру қызметін жүргізуге, халықаралық деңгейдегі әріптестермен тәжірибе алмасуға, меморандумдар мен келсімшарттар негізінде жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Бүгінгі күні студенттерді оқытудың ең жоғарғы стандарттарын қамтамасыз етуде оқытушылар қолданатын оқыту тәсілдерінің көрсеткіштері көтерілді. Білім көкжиегінде жарқырап инфрақұрылымды жақсарту, мамандықтар бойынша инновациялық оқу-зертханаларын ашу болашақтың еншісінде. Перспектива, іс-әрекет, міндет тоғысқанда қажетті ресурстар қолжетімді болады. Колледждің іс-тәжірибелік оқу

полигонының жұмысын жоспарлау – дамудың алғы шарты. Ал колледж – білім мен ғылымдағы бастамаларды табысты ендірудің ордасы. Қазіргі таңда білім ордасы педагогикалық білім саласының қарқынды дамып, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, әр салаға талапты, кең бейінді мамандарды дайындау үстінде.

Қазіргі уақыт талабы жаңаша дүниелік көзқарас тұрғысынан жаңаша ойлап, шешім қабылдай алатын, креативті ойлау қабілеті дамыған тұлғаны, өз елі мен жерінің, туған тілінің жанашырын дайындауды міндеттеп отыр.

Бұл міндет жаңа уақыт талаптарына төтеп бере алатын, кәсіби білікті, бәсекеге барынша қабілетті, ұлтжанды азамат тәрбиелеу ісінің өзектілігін алға тартады. Қазақ елінің әлемдік кеңістікте өз жолын таңдауы – әрбір Қазақстан азаматының емін-еркін өмір сүруінің кепілі. Ол сөзсіз «Ұрпақ қамы» деген ұғыммен үндеседі. Осы тұрғыда қарағанда Жаркент жоғары гуманитарлық-техникалық колледжінің алар орны ерекше.

Б. Н. САУРАМБАЕВА.
Алматы облысы,
Панфилов ауданы
Жаркент қаласы

АННОТАЦИЯ ○

В статье автор рассказывает о задачах подготовки в Жаркентском высшем гуманитарно-техническом колледже дошкольных воспитателей и учителей среднего образования как специалистов широкого профиля, конкурентоспособных на рынке труда, профессионально компетентных, способных свободно перемещаться в мировом образовательном пространстве, о работе, проводимой воспитательным центром «Шанырақ» колледжа. Также рассматриваются вопросы внедрения интегрированной программы прикладного бакалавриата, реализации меморандума о сотрудничестве с высшими учебными заведениями в усилении развития сферы образования колледжа в рамках социального партнерства.